

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
ЭКОНОМИКА И ПРАВО
ECONOMICS AND LAW

ГТАХР 10.17.47
ӘОЖ 343.35

КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІЛЕРІНДЕГІ КОМПЛАЕНС-
ҚЫЗМЕТТЕР: СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

ДАВЛЕТБАЕВА Ж.Ж. , ҚАЛАУОВ Н.С. * 

Давлетбаева Жұлдыз Жетпісбайқызы — Магистрант, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы Мемлекеттік саясаттың Ұлттық мектебі, Астана қ., Қазақстан.

E-mail: zhuldyz.davletbayeva@apa.kz, <https://orcid.org/0000-0002-2271-1570>;

*Қалауов Нұржауған Серікұлы — Әлеуметтік ғылымдар кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы Мемлекеттік саясаттың Ұлттық мектебі, Астана қ., Қазақстан.

E-mail: kalayov1976@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-0583-4517>;

Аңдатпа. Комплаенс институты халықаралық деңгейде дәлелденген, жемқорлық тәуекелдерімен күресті тиімді құрал болып табылады. Мақалада квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алудағы маңызы айқындалған. Қазақстан тәжірибесіндегі комплаенс-қызметтің өзекті мәселелері сараланған. Соңғы төрт жылға жуық уақыттағы комплаенс-қызметті ұйымдастырудағы сақталып отырған проблемалар сарапшылар арқылы зерделенген. Әсіресе, тікелей бағыныстылығы бар ұйымдардағы комплаенс-қызметтің тәуелсіз қызметіне мән берілген. Қазіргі қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ерженің барша ұйымға бірінғай талаппен жасалуы, жұмыс тиімділігіне әсер ететіні атап өтілген. Ағымдағы жағдайды айқындау мақсатында квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі комплаенс-қызмет мамандарынан жасырын түрде онлайн-сауалнама алынған. Сауалнама нәтижелері комплаенс-қызметтің ұйым басшысына тәуелділігі, кадр әлеуетінің төмендігі мен бизнес-процестерді ұйымдастырудың төмендігін көрсеткен. Ресей мен Қазақстандағы комплаенс-қызметтің артықшылықтары, әлсіз тұстары, мүмкіндіктері мен тәуекелдері талданған. Зерттеушілер тарапынан комплаенс-қызметтің тиімділігін арттырудағы аутсорсинг тәсілінің тиімділігі көрсетілген. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережеге комплаенс-қызметтің функциялары мен процестерінің бір бөлігін аутсорсингке беру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылған. Комплаенс-қызметтің тәуелсіздігін арттырудағы ұсынылып отырған шешімнің жалпы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын ау мен азайтуда оң нәтиже беретіні жөнінде тұжырым жасалған.

Түйін сөздер. Квазимемлекеттік сектор, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, мониторинг, онлайн-сауалнама, аутсорсинг, үлгілік ереже.

Тақырыптың өзектілігі. Сыбайлас жемқорлық қай қоғамда да мемлекеттің дамуын тежейтін, халықтың әл-ауқатын көтеруге кері әсерін тигізетін зиянды құбылыс болып табылады. Сондықтан да кез-келген ел мемлекеттік саясаттың басты басымдығы ретінде бұған аса мән береді.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты елдің тәуелсіздік алған тұсынан бастау алып, кезең-кезеңмен халықаралық тәжірибе негізінде қалыптасып келеді. Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын жүргізуде Біріккен Ұлттар Ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясы (БҰҰ), Экономикалық Ұлтымақтастық және Даму ұйымы (ӘБДҰ), Европа Кеңесінің жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобы (ГРЕКО) ұсынымдарын басшылыққа алады.

2023 жылы Қазақстан Құқық үстемдігі жаһандық индексында (*World Justice Project*) 142 елдің ішінде 63 орын иеленген. Қазақстан сыбайлас жемқорлықтың теріс үрдістермен күресіп жатқан елдердің қатарына кіреді [1].



Диаграмма 1 -Құқық үстемдігі индексінің 2 факторы WJP
 Ескерту – дереккөзден алынды [1].

Transparency International жаһандық сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексі (*бұдан әрі –ТИ*) бойынша Қазақстан 2023 жылы 180 елдің ішінде 93 орынды иеленді [2]. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатын қамтамасыз етуде оң үрдіс бар. Дегенмен, халықаралық деңгейде Қазақстан сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары елдердің қатарында қалып келеді.

Қазақстан экономикасындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары саланың біріне Квазимемлекеттік сектор (*бұдан әрі-КМС*) жатады. Экономиканың түрлі саласында 6,3 мыңнан аса квазимемлекеттік сектор субъектісі бар. (*2020 жылы тауар өндірісінде - 46 %, көрсетілетін қызметте -54 %*) [3].

Осы саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелімен күресті үйлестіру үшін 2020 жылы халықаралық тәжірибеде дәлелденген комплаенс-қызмет институты енгізілді. Заңнамалық түрде барлық КМС субъектісінде қызметін бастаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (*бұдан әрі- комплаенс-қызмет*) тәуекелдерді басқаруда тиімділігін көрсетіп келеді.

Дегенмен, төрт жылға жуық қызметінде әлі де болса жетілдіруді қажет ететін бағыттардың бар екенін байқадық. 2022 жылы ЕЫДҰ стандарттары ұсынымдары негізінде 51 КМС субъектісіне «KazBar» «Kazakhstan Bar Association» заң консультанттары Палатасы «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» ҚБ-мен бірге мониторинг жүргізілген. Мониторинг нәтижелері КМС субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысындағы біраз кемшіліктерді айқындаған. Оның негізгілеріне комплаенс-қызметтің ұйым басшысына тәуелділігі, кадр әлеуетінің төмендігі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қамтамасыз етуге бағытталған басшылық құжаттар талабының сақталу деңгейінің төмендігі көрсетілген [4].

Википедия еркін энциклопедиясы «Комплаенс» (*ағылшын. compliance – сәйкестік*) ұғымын қандай да бір ішкі немесе сыртқы талаптарға немесе нормаларға сәйкестіктің болуы деп түсіндіреді [5]. Әлемде комплаенс-қызметтің бірінғай жүйесі жоқ, бірақ әрбір ел негізгі ортақ принциптерге негізделген стандарттарды басшылыққа алады. Батыс зерттеушілерінің бірі Джеффри Каплан тәуекелдерді бағалау еңбегінде комплаенс: тәуекелдерді анықтау, талдау және азайтудан тұратын 3 элементтен құралады деп көрсетеді [6].

Комплаенс Қазақстан үшін жаңа институт болғандықтан қалыптасу үстінде деуге болады. Комплаенс-қызметтер өз жұмысында негізінен ISO 37001:2016 «Парақорлықпен күрес менеджмент жүйесі». (*бұдан әрі - ISO 37001:2016 стандарты*) халықаралық стандарты ұсынымдарын басшылыққа алады. Стандарттың 5.3.2 пункті сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет тиісті ресурстармен қамтамасыз етіліп, қажетті күзіреттілік, мәртебе, өкілеттік негізінде тәуелсіз қызмет атқаруын ұсынады [7-5.3.2 пункт].

Қазақстанда комплаенс-қызмет туралы зерттеулер аз. Отандық зерттеушілерден Жаров Е, Мұхамбетов А.Ф, Ахметов Г.Г, Матенова Ж.Н тарапынан комплаенс-қызметтің жекелеген элементтерін қамтыған. Біз сыбайлас жемқорлықпен күрестегі комплаенс-

қызметтің қазақстан тәжірибесіндегі орны мен маңызына зерттеу жүргізіп келеміз. Зерттеу барысында халықаралық тәжірибеге назар аударылды.

Халықаралық тәжірибе комплаенс жүйесінің әралуандығын көрсетті. Басты принцип тәуекелдердің алдын-алу, анықтау, талдау, азайтуға негізделген. Халықаралық тәжірибеде тәуекелдермен жұмыста ұйымның қызметі, саласы мен құрылымы, көлемі ескерілуі қажеттігі, бастысы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауда комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі, есептілігі сақталуы баса көрсетілген. АҚШ пен Ұлыбритания заңнамалары шетелдік серіктестіктермен жұмыста тиімді комплаенсті қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшенің болуын талап етеді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы кеңістігінде (ТМД) комплаенс-қызмет туралы Ресей зерттеушілерінің еңбектері көптеп кездеседі. Бірқатар Ресей ғалымдары мен зерттеушілерінің еңбектерін саралау барсында көрші елде халықаралық тәжірибені енгізу маңыздылығын жиі көтеретінін байқадық. Зерттеушілердің басым бөлігі Ресейде комплаенс жүйесі заңмен реттелмегенін, бірінғай талаптардың жоқтығын, ұйымдарда комплаенс-қызметтің әркелкі жүргізілетінін атап өткен. Біз зерттеу барсында Қазақстан мен Ресейдегі комплаенс жүйесінің артықшылықтары мен әлсіз тұстарына салыстырмалы талдау жасадық. Оны келесі кестедегі мәліметтерден көруге болады.

Сурет 1 - SWOT-анализ Ресей мен Қазақстандағы комплаенс жүйесі.

КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІ	
ҚАЗАҚСТАН	РЕСЕЙ
	
<ul style="list-style-type: none">халықаралық стандарттар мен тәжірибелердің қолданылуыкомплаенс-қызметтің бірінғай жүйесікомпаенстің заңмен реттелуібасшылық құжаттардың бекітілуі	<ul style="list-style-type: none">халықаралық стандарттар мен тәжірибелердің қолданылуыаутсорсингке беру тәжірибесі
	
<ul style="list-style-type: none">бағыныстылықтың әркелкілігікадр әлеуеті төмендігіішкі талдау сапасының төмендігіқызметтің автоматтандырылмауы	<ul style="list-style-type: none">бірінғай тәсілдің жоқтығызаңмен реттелмеуікадр әлеуеті төмендігіішкі талдау сапасының төмендігі
	
<ul style="list-style-type: none">уәкілетті органның «ҮББ-4» платформасы мүмкіндігі	<ul style="list-style-type: none">«Бизнес барометрі» жобасы арқылы тәуекелдерді анықтау«Үш қорғаныс желісі» моделі
	
<ul style="list-style-type: none">ішінара тікелей басшылыққа тәуелділікқызмет тиімділігін бағалау механизмінің жетілдірілмеуі«комплаенс» мамандығының мемлекеттік сыныптауышына енгізілмеуі;ЖОО комплаенс мамандардың дайындалмауы (магистранттарды қоспағанда)	<ul style="list-style-type: none">мемлекеттік ынталандыру төмендігітікелей басшылыққа тәуелділік;қызмет тиімділігін бағалау механизмінің жоқтығыкомплаенс мамандардың дайындалмауы

Біздің тарапымыздан жүргізіліп жатқан зерттеуде комплаенс-қызметтің тәуелсіздігін арттыру арқылы қызмет тиімділігін көтеруге бағытталған шешімдерді қарастырамыз. Осы бағытта КМС субъектілеріндегі комплаенс-қызмет жұмысына объективті баға беру мақсатында жасырын онлайн-сауалнама алынды, сарапшылармен сұқбат жүргізілді. Сауалнама нәтижелері комплаенс-қызметтегі сақталып отырған проблемаларды айқындауға мүмкіндік берді.

«Сіздің ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімше немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын жауапты тұлға айқындалған ба?» – деген сұраққа респонденттердің 78,2 % «иә» деп жауап берсе, 16,8% өзге құрылымдар мен тұлғаларға жүктелгенін, 5,0 % жауапты құрылым немесе тұлға айқындалмағанын көрсеткен.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 16 бабы КМС субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет

функциясын атқаратын құрылымдық бөлімшелердің болуын талап етеді [8]. Сондай-ақ, КМС субъектілеріндегі комплаенс-қызмет туралы үлгілік ереженің 1-тарауының 7-8 пункттерімен комплаенс-қызмет функциясын басқа құрылымдық бөлімшелердің функциясымен ұштастыруға жол бермеу, өкілеттіктерін тәуелсіз жүргізуді қамтамасыз ету жүктелген [9]. Дегенмен, бұл талаптардың барлық ұйымдарда бірдей сақтамай отырғанын көреміз.

«Сіздің ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы Үлгілік ереже бекітілген бе?» – деген сауалға респонденттердің 12,9% үлгілік ереже бекітілмеген деп жауап берсе, 5,9 % үлгілік ереже енді жасалып жатыр деп көрсеткен.




Диаграмма 2 – онлайн-сауалнама нәтижесі.

Ескерту - «Антикор ТБН-4 ЦГО» телеграмм чатында жарияланған онлайн-сауалнама нәтижесінде жасалды.

Үлгілік ереженің ұйымдағы комплаенс-қызмет үшін басты құжат екенін ескерсек, бұл бағытта да ашық сұрақтың бар екенін көруге болады.

Онлайн-сауалнама нәтижесі комплаенс-қызметтегі кадр әлеуетінің де қалыптасып үлгермегенін көрсетті. Респонденттердің 16,8 % салада тәжірибесі жоқ екенін, 22,8 % тек 1 жылға дейінгі тәжірибесі бар екенін, 25,7 % 1-3 арасында тәжірибе жинағанын көрсетті. Респонденттерді мамандығы бойынша саралағанда олардың 45,5% заңгер, 14,9% эколог, 9,9% техникалық маман, 7,9% экономист, қаржыгер және 3,0% агроном екенін анықтадық. Бұл көрсеткіштер аталған салада кадрлар даярау мен бар кадрлардың біліктілігін арттыру қажеттігін көрсетеді.

Опыт работы непосредственно в сфере антикоррупционного комплаенс

101 ответ




Диаграмма 3 – онлайн-сауалнама нәтижесі.

Ескерту - «Антикор ТБН-4 ЦГО» телеграмм чатында жарияланған онлайн-сауалнама нәтижесінде жасалды.

Респонденттерден «Ұйымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет мәселелері бойынша есепті кімге ұсынасыз?» - деп сұрау салғанда 37,7% тәуелсіз басшылық

органдарға, 28,8 % ұйым басшысына, 25,7 % өзге құрылым басшыларына, 3,0 % уәкілетті органға есеп беретінін көрсеткен. Респонденттердің бірқатары ешкімге есеп бермейтінін немесе қай органға есеп беретінін білмейтінін көрсеткен. Жалпылама алғанда 54,5 % респонденттердің комплаенс-қызмет жұмысы бойынша тікелей ұйым басшысына немес өзге құрылымдық бөлімше басшысына есеп беретінін көреміз. Бұл комплаенс-қызметтің ұйым басшылығына тәуелділігін тағы бір мәрте дәлелдей түседі.

11. Кому представляется отчет по вопросам деятельности антикоррупционной комплаенс-службы в вашей организации?

101 ответ



Диаграмма 4 – онлайн-сауалнама нәтижесі.

Ескерту - «Антикор ТБН-4 ЦГО» телеграмм чатында жарияланған онлайн-сауалнама нәтижесінде жасалды.

КМС субъектілерінің комплаенс-қызмет құжаттарына сыртқы талдау түрлі құрылымдық ерекшелікпен құрылған КМС ұйымдарының (АҚ, ЖШС, МКК, т.б) көпшілігінде комплаенс-қызмет заң, кадр, әкімшілік департаменттері қызметіне қоса жүктелгенін, қайсібірінде директордың орынбасары, кеңесші, көмекшілері қоса атқаратынын көрсетті. Мұны жоғарыдағы онлайн-сауалнама нәтижелері қуаттай түскенін көреміз. Бұл жағдайлар осы құрылымдардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға кедергі келтіреді және жемқорлық тәуекелдерін азайту, шешім қабылдау процесінде тәуелділікке әкеледі деп санаймыз.

Респонденттерге «комплаенс-қызмет тікелей ұйым басшысына бағынатын ұйымдардағы қызметтердің бір бөлігін аутсорсингке беруге қалай қарайсыз?» - деген сұраққа 32,7 % қолдаса, 18,8 % қолдамайтынын білдірген. Ал, респонденттердің 29,7 % жауап беруге қиналған, 10,9 % қарсы еместігін білдірсе, 7,9 % орташа көзқарасты ұстанған.

Респонденттердің басым бөлігі комплаенс-қызметті аутсорсингке берудің тиімділігін жақтап отыр. Жауап беруге қиналған 29,7 %-ы тұрақты жұмысынан айырылып қалу тәуекеліне орай күмәнді жауап берген деп пайымдаймыз.

13. Как Вы относитесь к передаче функции антикоррупционной комплаенс-службы на аутсорсинг в организациях, где комплаенс-служба подчинена непосредственному руководителю?

101 ответ




Диаграмма 5 – онлайн-сауалнама нәтижесі.

Ескерту - «Антикор ТБН-4 ЦГО» телеграмм чатында жарияланған онлайн-сауалнама нәтижесінде жасалды.

Ресей зерттеушілері В.И. Прасолов, А.К.Чешунас еңбектерінде комплаенс-қызметтің өзекті мәселелерін зерделей келе, комплаенс-қызметті аутсорсингке беру тиімділігі туралы

тұжырым жасаған. Олар Ресейде компаенс-қызметті аутсорсингке беру 2017 жылдардан кезең-кезең бойынша жүргізіліп келе жатқанын көрсеткен [10, 20-23 бет].

Қорыта келгенде, КМС субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызметтің тікелей ұйым басшысына бағыныстылығы сақталған жағдайда, тиімді компаенс-қызметке қол жеткізу тәуекелдерінің жоғарылығын атап өтуімізге болады.

Біздің ұйғаруымызша компаенс-қызметті аутсорсингке беру бірқатар артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда:

- компаенс-қызметке кәсіби мамандар тартылады;
- ұйымның ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік туады;
- кәсіби ұйымдар арқылы талдаудың озық тетіктері қолданылады;
- ұйымның жұмыс жүктемесі азаяды;
- ұйымның шығандарын үнемдеуге мүмкіндік туады;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдері азаяды.

Сұқбатқа қатысқан сарапшылар мен компаенс-қызметі мамандарының пайымдауынша компаенс-қызметті аутсорсингке беруді кезең-кезеңмен жүзеге асырған жөн. Алдыңғы кезекте ұйымдастыруды қажет ететін келесідей мәселелерді анықтау қажет:

- аутсорсингке берілетін функциялар мен процестерді айқындау;
- компаенс-қызмет жүктемесі, құрылымы мен жұмыс көлемін айқындау;
- жұмсалатын шығын, уақыт, ресурсты анықтау;
- сапалық құрылымы мен технологиялық жабдықталуын анықтау;
- кадр сапасы мен дайындық деңгейін айқындау.

Сарапшылар компаенс-қызметті аутсорсингке берудің тәуекел тұстарына басқару органдарымен тікелей қарым-қатынасты қажет ететін компаенс рәсімдер мен процестердің бақылаудан шығуын, қызмет бабында пайдаланылатын құжаттардың жария етілу тәуекелін жатқызды. Осыған сәйкес, компаенс функциялар мен процестердің қай бөлігін беру қажеттігін алғашқы кезеңде ескеру қажет деп санаймыз.

Қорыта келгенде, компаенс-қызметті аутсорсингке беру жөнінде шешім қабылдарда мынадай мәселелерге назар аудару керек:

- қызмет көрсетуші ұйымның салаға тән тәжірибесі мен нарықтағы беделінің болуы;
- қызмет бабында пайдаланылатын құжаттар қауіпсіздігін сақтау жөнінде келісімшартта талаптарды белгілеу;
- қызмет көрсетуші ұйымға аутсорсинг рәсімдеріне өз ресурстарын (*құралдар мен құрылғылар*) тартуды ұсыну;

Біздің пайымдауымызша компаенс-қызметті аутсорсингке беру КМС субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен күрес жұмысын жеңілдетіп, жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Біріншіден: ұйым өз функциясының бір бөлігін аутсорсингке беру арқылы шығындарын азайтуға қол жеткізеді. Яғни, қызмет көрсетуші ұйымның инфрақұрылымы мен кадр әлеуеті пайдаланылады.

Екіншіден: тәуелсіз ұйымға компаенс-қызмет функцияларын беру арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға қол жеткізіледі.

Үшіншіден: қызмет көрсетуші ұйым жұмыс тиімділігін арттырып ұйым беделін көтеру, ұзақ мерзімге келісімге қол жеткізу мақсатында балама әдістер мен кәсіби мамандарды тарта алады.

Төртіншіден: қызмет көрсетушіге функциялардың бір бөлігін беру арқылы ұйым өз ресурстарын босату мен қайта бөлуге қол жеткізеді. Яғни, босатылған штат, құралдар, қаржы ресурсын ұйымның басқа да өзекті мәселелерін шешуге бағыттайды.

Аталған мәселелердің өзектілігі мен маңыздылығын халықаралық және отандық зерттеушілер еңбектерін зерделеу нәтижелері, мониторинг, онлайн-сауалнама, сұқбат қорытындылары мен сарапшылардың пікірлері қуаттады.

Осыған сәйкес, қазіргі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ереженің 1-тарау 7-8 пункттері бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізген жөн деп санаймыз. Бұл КМС субъектілеріндегі комплаенс-қызмет тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ұсынымның үлгілік ережеден орын табуы ұйымдардағы жемқорлық тәуекелдерін төмендетіп, тиімді комплаенс-қызмет жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Аталған негіздемені уәкілетті орган КМС субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті жетілдіру бойынша жұмыстарында қарастыруға болады деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әлем бойынша Құқық үстемдігі индексі <https://worldjusticeproject.org/> Жүгінген күні:14.04.2024.
2. Transparency International сыбайлас жемқорлықты түйсіну индесі 2023 жыл. <https://transparency.kz/ru/>. Жүгінген күні: 22.04.2024.
3. Қазақстан Республикасындағы квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі талдамалық баяндаманы және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 қыркүйектегі №654 қаулысы. (2-бөлім, 2.2 пункт, 3-бөлім, 3.2 пункт) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000654>. Жүгінген күні: 22.04.2024
4. «Kazakstan Bar Association» заң консультанттары Палатасы мен «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» ҚБ-нің квазимемлекеттік сектордағы комплаенс-қызметтер жұмысына жүргізілген мониторинг есебі. Алматы, 2022 жыл. 5, 9-11, 27-28 беттер.
5. Информационное сообщение о сущности комплаенс. <http://www.wikipedia.ru/> Жүгінген күні: 30.04.2024.
6. Джеффри М. Каплан. Kaplan & Walker «Сәйкестік және этика талаптарын сақтауға байланысты тәуекелдерді бағалау:Тұжырымдамалар, әдістер және жаңа бағыттар». LLP Принстон, Нью-Джерси, 2019. 7-11,45 беттер, www.kaplanwalker.com. Жүгінген күні: 19.04.2024.
7. ISO 37001:2016 «Парақорлықпен күрес менеджмент жүйесі» халықаралық стандарты. www.iso.org/directives). 5.3.2 пункттер, 18 бет. Жүгінген күні: 30.04.2024.
8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. 1 тарау, 1 бап. «Әділет» АҚЖ (zan.kz). Жүгінген күні: 10.04.2024.
9. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы үлгілік ережені бекіту туралы "Әділет" АҚЖ (zan.kz). Жүгінген күні: 27.04.2024.
10. Прасолов В.И, Чешунас А.К «Аутсорсинг комплаенс процедур как способ оптимизации расходов на комплаенс-функцию». Russian Economic Bulletin .Российский экономический вестник 2020, Том 3, №2 (20-23 с). Жүгінген күні: 18.02.2024.

References

1. Älem boıynşa Qūqyq üstemdıǵı indeksı <https://worldjusticeproject.org/> Jügingen küni:14.04.2024.
2. Transparency International sybailas jemqorlyqty tüisınu indesı 2023 jyl. <https://transparency.kz/ru/>. Jügingen küni: 22.04.2024.
3. Qazaqstan Respublikasyndaǵy kvazimemlekettik sektordy reformalau jönindegi taldamalyq baiandamany jäne ony iske asyru jönindegi ıs-şaralar josparyn bekıtu turaly. Qazaqstan Respublikasy Ükımetinıń 2022 jylǵy 6 qyrküiekteǵı №654 qaulysy. (2-bölim, 2.2 punkt, 3-bölim, 3.2 punkt) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000654>. Jügingen küni: 22.04.2024
4. «Kazakstan Bar Association» zañ konsültantary Palatasy men «Qūqyqtyq saiasatty zertteu ortalyǵy» QB-nıń kvazimemlekettik sektordaqy kompluens-qyzmetter jumysyna júrgızilgen monitoring esebı. Almaty, 2022 jyl. 5, 9-11, 27-28 better.

5. Informasjonnoe soobshenie o suşnosti kompliens. <http://www.wikipedia.ru/> Jügingen küni: 30.04.2024.

6. Jeffri M. Kaplan. Kaplan & Walker «Säikestik jáne etika talaptaryn saqtauğa bailanysty täuekelderdi baғalau:Tüjyrymdamar, ädister jáne jaña bağyttar». LLP Prinston, Nü-Jersi, 2019. 7-11,45 better, www.kaplanwalker.com. Jügingen küni: 19.04.2024.

7. ISO 37001:2016 «Paraqorlyqpen küres menejment jüiesi» halyqaralyq standarty. www.iso.org/directives). 5.3.2 punktter, 18 bet. Jügingen küni: 30.04.2024.

8. Sybailas jemqorlyqqa qarsy is-qimyl turaly Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy 2015 jylğy 18 qaraşadağy № 410-V QRZ. 1 tarau, 1 bap. «Ädilet» AQJ (zan.kz). Jügingen küni: 10.04.2024.

9. Kvazimemlekttik sektor subektlerindegi sybailas jemqorlyqqa qarsy kompliens qyzmet turaly ülgilik erejenı bekıtu turaly "Ädilet" AQJ (zan.kz). Jügingen küni: 27.04.2024.

10. Prasolov V.İ, Cheşunas A.K «Autsorsing kompliens prosedur kak sposob optimizatsii rashodov na kompliens-funksiu». Russian Economic Bulletin .Rosiski ekonomicheski vestnik 2020, Tom 3, №2 (20-23 s). Jügingen küni: 18.02.2024.

КОМПЛИЕНС-СЛУЖБЫ В СУБЪЕКТАХ КВАЗИГОСУДАРСТВЕННОГО СЕКТОРА: ВЫЗОВЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

ДАВЛЕТБАЕВА Ж.Ж. , КАЛАУОВ Н.Н.* 

Давлетбаева Жулдыз Жетпысбаевна — Магистрант, Национальная школа государственной политики Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, г.Астана, Казахстан.

E-mail: zhuldyz.davletbayeva@apa.kz, <https://orcid.org/0000-0002-2271-1570>;

*Калауов Нуржауган Серикович — кандидат социальных наук, профессор, Национальная школа государственной политики Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, г.Астана, Казахстан.

E-mail: kalayov1976@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-0583-4517>;

Аннотация. Институт Комплаенс зарекомендовал себя на международном уровне как эффективный инструмент в борьбе с коррупционными рисками. В статье определено значение антикоррупционной комплаенс-службы в профилактике коррупционных рисков в субъектах квазигосударственного сектора. Проанализированы актуальные вопросы комплаенс-службы в практике Казахстана. Текущее состояние и проблемные вопросы Комплаенс-службы изучены экспертами. Особое внимание уделяется независимой деятельности комплаенс-службы в организациях с прямой подчиненностью. В целях определения текущей ситуации проведен онлайн-опрос специалистов комплаенс-службы в субъектах квазигосударственного сектора. Результаты опроса показали зависимость комплаенс-службы от руководителя организации, низкий кадровый потенциал и низкую организацию бизнес-процессов. Проанализированы преимущества, слабые стороны, возможности и риски комплаенс-службы в России и Казахстане. Со стороны исследователей показана эффективность подхода аутсорсинга в повышении эффективности комплаенс-деятельности. Предлагается внести изменения и дополнения в Типовое Положение о антикоррупционной комплаенс-службе в субъектах квазигосударственного сектора по передаче части функций и процессов комплаенс-службы на аутсорсинг. Сделан вывод о том, что предлагаемое решение по повышению эффективности Комплаенс-службы дает положительный результат в профилактике и снижении коррупционных рисков.

Ключевые слова. Квазигосударственный сектор, антикоррупционная комплаенс-служба, коррупционные риски, мониторинг, онлайн-опрос, аутсорсинг, типовые положения.

COMPLIANCE -SERVICES IN GUASI-PUBLIC STCTOR ENTITIES: PROBLEMS AND DEVELOPMENT PROSPECTS

DAVLETBAYEVA ZH. ZH. , KALAUOV N.N.* 

Davletbayeva Zhuldyz Zhetpisbayevna — Undergraduate student National School of Public Policy, Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

E-mail: zhuldyz.davletbayeva@apa.kz, <https://orcid.org/0000-0002-2271-1570>;

***Kalauov Nurzhaugan Serikovich** — Candidate of Social Sciences, Professor, National School of Public Policy, Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.
E-mail: kalayov1976@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-0583-4517>;

Annotation. The Compliance Institute has established itself internationally as an effective tool to combat corruption risks. The article defines the importance of the anti-corruption compliance service in preventing corruption risks in quasi-public sector entities. The current issues of compliance service in the practice of Kazakhstan are analyzed. The current state and problematic issues of the compliance service have been studied by experts. Special attention is paid to the independent activity of the compliance service in organizations directly subordinate. To determine the current situation, an online survey of compliance service specialists in quasi-public sector organizations was conducted. The survey results showed the dependence of the compliance service on the head of the organization, the low level of human resources and the low organization of business processes. The advantages, weaknesses, opportunities and risks of the compliance service in Russia and Kazakhstan are analyzed. The researchers demonstrated the effectiveness of the outsourcing approach in improving the efficiency of compliance activities. It is proposed to make changes and additions to the Standard Regulation on the anti-corruption compliance service in quasi-public sector entities on the transfer of part of the functions and processes of the compliance service to outsourcing. It is concluded that the proposed solution to improve the efficiency of the compliance service gives a positive result in preventing and reducing general corruption risks.

Keywords. Quasi-public sector, anti-corruption compliance service, corruption risks, monitoring, online survey, outsourcing, standard provisions.